

2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 12 мамырдағы № А-4 /119 қаулысы. Ақмола облысы Сандықтау ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 маусымда № 1-16-95 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 28 қаңтардағы № А-1/19 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2010.01.28 А-1/19 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8-ші шілдедегі Заңына «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы», «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 543 қаулысына сәйкес, Сандықтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.«Ақмола облысы Сандықтау ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы 2009 жылдың сәуір – маусым және қазан-желтоқсан азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2.Әскерге шақыру кезіне аудандық шақыру комиссиясы құрылсын, 1 қ о с ы м ш а ғ а с ә й к е с .

3. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру кестесі бекітілсін, 2 , 3 қ о с ы м ш а л а р ғ а с ә й к е с .

4.Ауыл әкімі және ауылдық селолық округтердің әкімдері, ұйымдардың басшылары әскери міндеттелер мен әскерге шақырылушыларға «Ақмола облысы Сандықтау ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік

мекемесіне шақырылуын хабарлап, уақытылы түрде келуін қамтамасыз етсін.

5.«Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрлігі Ақмола облысының ішкі істер Департаменті Сандықтау ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) шақырудан жалтарушы әскерге шақырылушыларды жеткізуді, сонымен қатар әскерге шақырылушыларды әскери бөлімдерге жөнелту кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

6.Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Сандықтау орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (келісім бойынша) және Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Сандықтау аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (келісім бойынша) азаматтарды тіркеу және оларды әскери қызметке шақыру кезінде медициналық куәландырудан өткізуді, қажет жабдықтармен, дәрі-дәрмектермен, медициналық және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз етсін.

7.Сандықтау ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 3 сәуірдегі А-4/58 «1981-1990 жылдары туған азаматтарды, 2008 жылғы сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке кезекті шақырудан өткізу туралы» (нормативтік құқықтық кесімдері мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 1-16-78 нөмірмен тіркеген, «Сандықтауские вести» газетінде 2008 жылдың 4 маусымында 44 нөмірімен (7710) жарияланған) қаулысы күшін жойған деп танылсын

8.Аудан әкімдігінің осы қаулысы 2009 жылғы 17 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

9.Осы қаулының орындалуына бақылау Сандықтау ауданы әкімінің орынбасары А.К. Қазизоваға жүктелсін.

10.Осы қаулы Сандықтау ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

С а н д ы қ т а у а у д а н ы н ы ң
әкімі Қ. Сүйіндіков

КЕЛІСІЛДІ:

«Қазақстан Республикасының ішкі
істер Министрлігі Ақмола облысының
ішкі істер Департаменті Сандықтау
ауданының ішкі істер бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы Ж. Әбілмажинов

«Ақмола облысы Сандықтау
ауданының Қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің бастығы А. Журбин

Ақмола облысы денсаулық сақтау
басқармасы жанындағы «Сандықтау
орталық аудандық ауруханасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының бас дәрігері Т. Полякова

Ақмола облысы денсаулық сақтау
басқармасы жанындағы
«Сандықтау аудандық емханасы»
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
бас дәрігері А. Уразалинова

«Сандықтау ауданының
қаржы бөлімі» мемлекеттік
Д. Нұрмақова
мекемесінің бастығы

Сандықтау ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 12 мамырдағы № А-4/119
қаулысына 1 қосымша

Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

Журбин Андрей Юрьевич	-	«Ақмола облысы Сандықтау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы(келісім бойынша);
Дерягина Наталья Александровна	-	«Сандықтау ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары;
Комиссия мүшелері:		
Котельников Андрей Вячеславович	-	«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ақмола облысы Ішкі істер департаментінің Сандықтау ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша);
Шмаль Ирма Робертовна	-	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Сандықтау аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының дәрігері, медициналық комиссия төрайымы (келісім бойынша);
Жұмабекова Райгүл Қайырлықызы	-	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Сандықтау аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

Сандықтау ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 12 мамырдағы № А-4/119
қаулысына 2 қосымша

Мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды өткізу кестесі

№ р / р	Селолық округтердің атауы	Әскерге шақырылушы- лардың саны	сәуір							Мамыр	Маусым
			17	20	21	22	23	24	27		
1.	Балкашин	75	21				14		40		
2.	Барақпай	12	12								
3.	Белгород	12		12							
4.	Бірлік	11		11							
5.	Васильев	12		12							
6.	Веселов	15	15								
7.	Жамбыл	13		13							
8.	Каменск	27			27						
9.	Лесной	22			22						
10.	Максимов	32				32					
11.	Новоникольск	10				10					
12.	Сандықтау	36					36				
13.	Хлебный	2	2								
14.	Мәдениет ауылы	3				3					
15.	Широков	11				1			10		
16.	Шантөбе	50						50			
	ЖИЫНЫ	343	50	48	49	46	50	50	50		

Сандықтау	ауданы	әкімдігінің
2009 жылғы	12 мамырдағы	№ А-4/119
қаулысына 3 қосымша		

[illegible]

3.	Белгород	10	10											
4.	Бірлік	71								44	27			
5.	Васильев	15		15										
6.	Веселов	19		19										
7.	Жамбыл	23			23									
8.	Каменск	28	28											
9.	Лесной	24			24									
10	Максимов	35				35								
11	Новоникольск	18					18							
12	Сандықтау	51			1			50						
13	Хлебный	7				7								
14	Мәдениетауылы	8				8								
15	Широков	21					21							
16	Шантөбе	56							50	6				
	ЖИЫНЫ	480	47	50	48	50	50	50	50	50	50	35		